# Қазақстан Республикасының атынан
# ШЕШІМ

2025 жылғы 2 желтоқсан № 5501-25-00-2/3008 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жумабек Дуйсенович Капашев жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Жумабек Дуйсенович Капашев жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жумабек Дуйсенович Капашев жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жумабек Дуйсенович Капашев жеке кәсіпкерден мемлекеттің кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья**

**Ә.Тюлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 02.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.01.2026, судья Слам А. С., 12.01.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5501-25-3-1/3448